

керегі осы. Президенттің пәрменімен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы осындай игілікті іске тетік болған қоғамдық институт.

Тәуелсіздікті құру жолында тар жол, тайғақ кешуден сүрінбей өтіп, айтарлықтай жетістіктерге жеткеніміз баршаға мәлім. Ал осы жетістіктерімізді баянды етіп, қазақ елінің көсегесін көгертіп, аяғынан нық тұрған мемлекет деңгейіне жеткізу үшін ұлтаралық тұрақтылық пен келісім, татулық пен бірлік маңызды орында болуы тиіс. Әлбетте, тарих дәлелдегендей, мемлекет ішіндегі алауыздық, ұлтаралық қақтығыстар мен жанжалдар ең алдымен мемлекеттің тұрақтылығына сызат түсіріп, сыртқы күштердің агрессиясына түрткі болады. Ал оның аяғы неге соқтыратының ойлаудың өзі қорқынышты. Демек ұлтаралық тұтастықты, тұрақтылықты, өзара түсіністік пен сыйластықты, ынтымық пен бірлікті сақтау арқылы тәуелсіздігімізді баянды ету мемлекетіміздің күш-қуатының бірден-бір алғышарты болып табылады.

### **Әдебиеттер**

1. М.Қозыбаев. «Өркениет және ұлт». – Алматы, 2001. –230 б.
2. // Егемен Қазақстан, 2008 ж., 30 мамыр.

## **ҚОҒАМ ТІРЕГІ БОЛҒАН ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫ ЖАЙЫНДА...**

### ***Салауатов Н.С.***

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Тарих факультетінің докторанты, Нұр-Сұлтан қ.

### ***Сейтказина К.О.***

т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, Нұр-Сұлтан қ.

«Рухани жаңғыру»сөзі кейінгі уақытта жиі қолданылып жүргені анық. Мұны тек, «тренд» ретінде әр жерде пайдаланып қана қоймай, тиісінше қажетімізге жарату керек сияқты. Оның ішінде, төл тарихымызбен жіті танысып, ұлт болашағы үшін - тарихтың сын кезеңін толық ұғынуымыз қажет.

Кеңестік кезеңде тарихымыздың қасақана бұрмалануына байланысты көптеген тарихи фактілер басқаша ұсынылуда. Мәселен, Марксистік ілімге байланысты қазақ байларының тарихи рөлі, тек қана қанаушылық (эксплуататорлық) арнада көрсетілуі. Бүгінгі күні де сол кеңестік идеологияның легімен қоғамымызда әліде байлардың арам, қанаушы ретінде санамызда қалып қоюда. Советтік замандағы зерттеулерде байларды бір жақты әшкерелеу ғана болды. Тіпті, фольклордың өзінде де жағымсыз да кейіпкерлер айтылады. Бірақ,біздің халқымызда олар көп болған емес.

Қазақта төрт түлігі сай, жер қайыстырған жылқысы, белді басқан қойы, далаға сыймаған ірі-қарасы бар қаншама байлар шын мәнінде, ел-жұртына жанашырлық танытқан, перзенттік міндеттерін атқара алған адамдар.

Ертеректе өмір сүрген халқымыз үшін бай адамдар қадір-қасиеттен кенде болған емес. Бабаларымыз ежелден-ақ, рухани байлықты, еркіндік пен ерлікті материалдық байлықтан жоғары қойған "Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы" деген сөзді жанына жалау еткен олар, сараңдықпен таныс емес еді. Әрине, тарихтан теріс мысалдар да келтіруге болады, бірақ олардың саны айтарлықтай көп емес.

1840 жылы қазақ даласын зерттеген, қазақ тілінде еркін сөйлейтін орыстың С. Броневский деген генералы қазақ байлары туралы былай дейді: «Қазақтың «бай» деген ұғымы орыстың «богатый» деген сөзінің баламасы емес. Бай болу үшін атағынан ат үркетін үлкен тұлға болу керек. Материалдық игіліктерге иелік етумен бірге, ақыл-ойы толысқан адам болуы "бай" деген сөзді толықтай ашып бермек", - дейді [1].

«Жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы» деген сөз сол замандағы байларға қаратып айтылған сөзі екені айдан анық. Жомарт жүректі, қолы ашық жандар сараңдыққа салынбай, айналасында болып жатқан топырақты өлім мен торқалы тойларға дәулеттерінен еншілеп отырған.

Тарих ғылымдарының докторы А. Тоқтабай «Шығыс Түркістанда, мына Қытай елінде Баспай Шолақұлы деген бай болған. Ол 60 мың қой, 300 мың жылқы, 1000 ірі қара біткен дәулетті кісі. Сол қазақ 30 шақты адамды өзінің қаржысына үйлендіріпті. Ол отыз адамның ішінде қытай да, дұнған да, ұйғыр да, сарт та бар, тіпті орыс та кездеседі. Осыдан кейін әлгілердің бәрі Баспайдың құрметіне қазақша сөйлеген екен. Біз айтып отырған Баспай Шолақұлы өз заманының ең ықпалды тұлғасы болғаны ел аузында. Соншама дәулетті ел пайдасына жаратуды мақсат еткен бай үлкен өзендерге көпір салдырыпты, бірнеше кен орындары болған екен. Қазіргі таңда Қытай жерінде «Баспай тұқымы» деп аталатын қойдың екі миллионы бар дейді. Сірә, «Батыр болсаң жауға найзаң тисін, Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін» деген тәлімді сөзді сол заманның байлары санасына мықтап сіңірсе керек. Баспайдың АҚШ экспансиясына қарсы корей халқына қолдау көрсеткенде, ұшақ сатып алып бергені әлі күнге аңыз», – дейді [1].

Ал, қазақтың белгілі қаламгері, ақын Қ. Ілиясов: «Маман Тұрысбек «Мамания» мектебін салған. Одан бұрын Медеу Пұсырманов та ірі мектеп салуға мұрындық болған. Ал Маманның мектебі одан бұрын ашылған, әрі үлкен мектеп. 12 сыныпты, 12-13 мұғалім ұстаған. Солардың жалақысы, бүкіл тауқыметі, жатын орны, азығы түгел Тұрысбек байдың мойнында. Өйткені, Қытайға жылына 300 мың бойдақ қой өткізеді екен. Халықтың қазынасы, елдің құты болған байлар қаламгерлердің шығармасына да арқау болған. Атап айтсақ, арқа өңірінің ауқаттылары атанған Нұрмағамбет байдың, Ерден байдың, Сүтемген байдың дәулетін қазіргі өлшеммен есептеу қиын. Ерден мен Тұрсын байларда 20 мыңнан жылқы болыпты. Бір ғана Нұрмағамбеттің дәулетін әкесі Сағынайға жасаған асынан көруге болады. С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» романында Сағынайдың дәулеті сөз болады. І. Есенберлиннің «Құлагер» поэмасында, С. Жүнісовтің «Ақан серісінде»

аталған астың ауқымы мен оған кеткен аста төк байлық суреттеледі», – дейді өз естеліктерінде [1].

XIX ғасырдың ортасынан бастап елімізде капиталистік қатынастардың дамуының әсерінен қазақ жеріндегі қазба байлықтар игеріле бастады. Осы сәтте Мұса Шорман, Тана Мырза сияқты қазақтың дәулетті даралары Патша үкіметінен қазба байлықтарды өндіруге рұқсат сұрады. Бірақ, бұл сұраныс әр кез кері қайтарылып отырылды. Г.Н.Потанин: «Сұлтан Шыңғыс және оның баласы Шоқан мен Мұса Шорманов қазақтардың дала дәстүрі мен этнографиясы жайлы шынайы мәлімет бере алатын азаматтар еді», деді. Мұса Шорманов әкесінен ерте айырылғандықтан ешқандай білім ала алмады, бірақ, ол өз білімін өзі көтерген, соның нәтижесінде қазақтардың дала өмірі жайлы көп мәліметтерді жинақтады. Ол генерал-губернаторға халқының өмірін жақсарту үшін қолынан келгеннің бәрін жасайтынын білірген. Орыс - кадет корпусында қазақ балаларының білім алуына мүмкіндік жасап қана қоймай, қазақ даласына орыс крестьяндарының қоныс аударуына қарсылығын білдірді. Дала комиссиясы (1865-1866) қызметінде отырған кезде Гейнске жазған хаттарында ол патша үкіметінің заңдарына өзінің қарсы пікірін жеткізді [2]. 1884 жылы Омбы қаласына «сүйікті халқының қамы жайлы жобамен» келгенде, жобасын жариялап үлгерместен көзжұмды.

Зерттеуші Г. Потанин Тана мырзаның мінез-құлқын, бет-бейнесін, алғырлығын, алымдылығын, сән-салтанатын, бекзаттылығы мен білімін, сөз саптасынан мысалдар келтіре отырып қара қылды қақ жаратын әділдігі мен шешендігін, алдын болжайтын көрегендігін баяндайды [3].

Алаштану ғылымының да соңғы жылдары мән беріп қарастырып жатқан бағыты қазақ байларының Алаш идеясын қолдауына қатысты болуында. Қазақ байларын кешегі кеңес өкіметінің заманында «алашшылдар» десе, алаштықтарды «байшылдар» деп айтқан. Расында, қазақ байлары коммунистік күңгірт идеяны емес, алаш идеясын қолдады. Ал, біз қазақ буржуазиясының алашордалықтарды қолдаған іс-әрекетін сол кездері хатқа түскен деректерге ғана сүйеніп айтамыз, жазамыз. Жасаған істері хатқа түспеген бізге белгісіз қаншама байлар бар. Алаш идеясын бағдар еткен азаматтар халықты бай, кедей деп екіге бөлу саясатын ұстанған емес, ұлтты тұтас қабылдады. Байлар болса, сол ұлттың әлеуметтік тұрғыдан алғанда басым қаржылық- материалдық капиталына қол артқан топтың негізі еді.

Айталық, Алашорданың орталығы боп саналған Семей қаласы мен оның өңірлеріндегі қазақ байлары Алаш қозғалысына 1905 жылдан бастап қолдау көрсеткен. Мәселен, 1905 жылғы Қоянды жәрмеңкесінде қабылданған Қарқаралы петициясын қостаушылардың ішінде ауқатты адамдар көп болған. Мәселен, “Дело об агитации среди киргиз Каркаралинского и Павлодарского уездов о посылке в Петербург для представления от Киргизского народа петиции царю” деп аталатын құжатқа 42 адам қол қойыпты. Аталмыш науқанды іске асыру барысында петицияны ұйымдастырушылар қырдағы халыққа беделді, сөзі жүретін ел ағаларына, байларға сенім артты. Осы саяси

науқан Алаш қайраткерлерімен енді ғана қалыптаса бастаған ұлттық буржуазия өкілдерінің тізе қосып қимылдаған алқашқы қадамы болғаны анық [4].

Жоғарыда аталған саяси оқиғалар Алаш қайраткерлерін ұлт мүддесі жолында қызмет етуге, туған халқының құқығын қорғауға жұмылдырды. Осы әрекеттері үшін ұлт зиялыларының кейбірі жергілікті отаршыл әкімшілік тараптан қуғынға ұшырап, бірі түрмеге жабылса, өзгесі отаршыл орыс империясының ішкі губерниялары мен «ит жеккенге» айдалды. Сондай қиын-қыстау сәтте Алаш қайраткерлеріне көмек қолын созып, демеу болған қазақ байлары еді. Қазақ байлары негізінен Алаш қозғалысының халық арасына кең таралуына септігін тигізді. Қазақ баспасөзінің насихатшысы бола жүріп, қаржылық қиындықтарын шешті. Алашорда автономиясы жаңадан құрылған кезде де қаржылық және материалдық қажеттіліктерді өтеген қазақ байлары болатын. Олардың қатарында Қаражан Үкібайұлы, Медеу Оразбайұлы, Ике Әділұлы, Хасен Ақайұлы, Ыбырай Ақбайұлы, Иса Көпжасарұлы бар еді.

1917 жылдың желтоқсанында Орынборда Алашорда үкіметі құрылып, қиян-кескі азаматтық соғыстарға байланысты уақытша тұратын орын Семейге ауысқанда Қаражан Үкібаев, Әбдірахман Жүсіпов, Әнияр Молдабаев деген ауқаттылар өздерінің басы артық үйлерін, дүние-мүліктерін Алаш игілігіне пайдалануға берген. Мысалы, Ахат Шәкерімұлы «Менің әкем, халық ұлы – Шәкерім» атты естелігінің Белгібайдың қызының басында болған дауға байланысты оқиғаны: «...ертеңінде Жаңасемей базарының жоғары жағында, Қаражан байдың мектепке жалдаған үйі болатын. Сот сонда болатын болды» деп жазады. Ал Семейдегі қазіргі заман тарихы құжаттама орталығында сақталған құжаттар (қор-37, тізбе-01 іс-10) 1918-1919 жылдары осы үйде облыстық қазақ сотымен қатар уездік Земство басқармасының кеңсесі де орналасқанын айғақтайды [4]. Өз кезегінде бұл жиынға қатысуға Аңдамасов, Күшкікбаев, Болатханов, Дүйсенбаев, Оңалбаев, Балғабаев, Құлғарин шақырылған. Осылардың ішінде Ахметжан Аңдамасов, ағайынды Оңалбаевтар сынды Семейдің басқа да белгілі байлары Алашорда үкіметін жақтап, үнемі материалдық көмектер жасап тұрған [5].

Ахмет және Мұстафа Оразайұлдары Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясына 2 мың рубль төлеп, Әлихан Бөкейханды қазақ жұртының атынан делегат етіп ұсынды. Кейін тағы да қаражатын шешіп, екінші өкіл ретінде Мұстафа Шоқайды ұсынды. Екі өкілдің де бүкіл шығынын қазақтың осы екі байы көтерген болатын. Белгілі қоғам қайраткері, меценат, I Мемлекеттік Думаның депутаты болған Сәлімгерей Жантөрин де Мұстафа Шоқайдың Мемлекеттік Думаға депутат болуы үшін өзінің жерін Мұстафаның атына аударды. Өйткені, депутат болатын адам ауқатты болуы керек деген заң болатын. Алайда V Мемлекеттік Думаның сайлауы сол күйі өтпей қалғаны анық. Алашордашыл ардагерлердің қаракетін қолдағандардың қатарында Салық Омарұлы (Сырым батырдың шөбересі), Тобанияз

Әланиязұлы, ағайынды Мамановтар, ағайынды Бекметевтер болды. Олар алла берген несібелерін қарапайым халықпен бөлісіп, меценаттықтың жарқын үлгісін көрсетті.

«Қазақ» газетіне қолдау жасау, қиын сәттері оны жабылудан, салынған айыппұлдарың төлеп аман қалуына да қазақ байлары өз үлестерін қосқан. Олардың бірі Есенқұл Маманов«Қазақ», «Айқап» секілді газеттерге жәрдем берді [6].

Мәселен, шетте оқыған қазақтың балаларына да тұрақты шәкіртақы төлеп тұрған байлар, ертең оқуын бітіргенде байлардың мүддесін ғана қолдаушылар болсын деген ұғымда болған деуге келмейді. Керісінше, ұлт болашағына қатысты жұмсалған қаражат деуге негіз бар.

Тағы бір мәліметте Орал өңірінен шыққан «Қазақстан» газетіне де Маман байдың әулеті қаржылай қолдау жасағандығы айтылады [7]. Бұл басылымға қолдау жасағандар тек қазақ елінен емес, әзірбайжан, татар жұртынан да болған екен. Б. Қаратаев «Азаматтарға және бір-екі ауыз сөз» деген мақаласында осының жай жапсарын баян етеді. Газетке қолдау жасаған қазақ байы, әрі төресі, ақыны Шәңгерейдің де есімін ауызға алып, олар туралы қысқаша хабар береді [8].

Қазақ байлары мен Алаш арыстарының арасындағы қатынастарда негізінен құжаттық деректер жеткілікті. Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге мұрағаттық мәліметтер дәлел. Енді қазақтың өзіне тән жомарттық қасиетіне салып қарайтын болсақ, құжаттарға түспей қалған қаншама байлардың қолдауы болды. Алаш идеясын тұтас әулет болып қолдаған Маман ұрпақтары кәмпескеге іліккенде оларға Кеңес өкіметінің таққан айыптарын зерттегенде кедейге көрсеткен зорлық делінеді. Бұл жайында кеңестік қызыл белсенді Бектің Омарбегі дегеннің «Ақсу ауданынан 6 ірі бай айдалды» деген кәмпеске тұсында жазылған мақаласын көрсе болады [9]. Төңкерісшіл белсенді топ Алаш үшін малын да, күш қуаты мен жанын да берген әулеттен алты адамды Орал жаққа жер аударып жіберді. Кейінде бұл әулетке кеңестердің қысымы азайған жоқ.

Алаш арыстары мен қазақ байларының арақатынасына қатысты соңғы жылдары кең көлемде еңбектер арнала басталды. Бұл алдағы уақытта бізге беймәлім жайттарды зерттей, зерделей түсуді қажет ететіні белгілі. Қазақ байлары сол замандағы экономикамыздың, қоғамымыздың тірегі болған буын болатын. Негізінде, табыстары тасыған қазақ байлары 500-1000 шаңыраққа дейінгі ауылдарды бақылауында ұстап отырды десек болады. Бүгінгідей зейнетақы, әлеуметтік сақтандыру қорларының жоғын ескерсек олардың рөлі әрине, арта түседі.

Елбасының "Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласындағы "Туған жерге тағзым" айдары кешегі өткен ардақты ата-бабаларымыздың елге еткен еңбектерін, жақсылықтарын, отансүйгіштіктерін қайталауға үндейді емес пе?! Тұтастай бір елдің әлеуетін көрсететін мұндай бақуатты жандардың есімдері ел арасында таратылуы тиіс. Осындай еңбектің жемісі сананың жаңаруына әсер етеді десек қателеспейміз.

## Әдебиеттер

1. <https://abai.kz/post/15550>
2. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов., СПб.-Т.1.-1897.- 328с.
3. Струве К., Потанин Г. – Жайсаң көлі мен Қара Ертіс аумағынан Марқакөл, Сарытауға дейінгі саясат. – 1 том. 255-256 –бб.
4. Рахметуллин Е. XX ғасырдың I жартысындағы қазақ меценаттары: тарихы мен тағдыры. //e-history.kz.
5. Кенемолдин М. Қаражан Үкібаев кім? //Абай, №4, 2010.
6. Хасан С. Қазақтың байлары қазақтың қорғаны еді //aikun.kz
7. «Қазақ» газеті /Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
8. // «Қазақстан» газеті, №11, 24 сәуір, 1912 ж.
9. Мамания: Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер (Құраст.: Ж.Қалиұлы). – Алматы: Атамұра, 1991 – 272 б.

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ

*Джумалиева Л.Т.*

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
қауымдастырылған профессор м.а., тарих ғылымдарының кандидаты, Нұр-Сұлтан қ.

Тәуелсіздікке ие болған алғашқы күннен бастап қазақстандық қоғамды ұйыстыру, барлық этностық топтардың тең құқықты өмір сүруін қамтамасыз ету мемлекеттің ұлттық саясатының іргелі бағыттарына айналды. Халық бірлігін сақтаудың ажырамас міндеті толеранттылықты дамыту және оған тәрбиелеу болып табылады. Бойымызда ұлттық намысты, өзінді-өзің сыйлау сезімін сақтай отырып, басқа мәдениеттерге, тілдерге, діндер мен дәстүрлерге де осындай сыйластықпен қарауға ұмтылу қажет. Толеранттылық этносаралық келісімнің маңызды қыры ол субъектілердің өзара түсіністігімен байланысты. Сондықтан келісім мен толеранттылық этносаралық қатынастардың құндылықтық негізі болып табылады.

Этносаралық және конфессия аралық келісімді, азаматтық бірлікті қамтамасыз ету Қазақстан дамуының, елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси жаңғыруының маңызды шарты болып табылады. Ғасырлар бойы қазақтардың тарихи мекенінде әралуан мәдениеттің, дін мен дәстүрлерді ұстанған көптеген халықтардың тағдыры тоғысты. Нәтижесінде 130- тан астам этнос пен 40 конфессия өкілдері қазақтармен бейбіт өмір сүретіндей айрықша жағдай қалыптасты. Сонымен қатар, түрлі этностардың ұзақ уақыт қатар өмір сүруі қоғамда төзімділіктің орнықты дәстүрлерін қалыптастырды.

Бүкіл қазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға,